

**Камар Сагингалиевна Алдашева^{1*}, Жанар Еркиновна Есполова²,
Альбина Маратхановна Досанова³**

^{1*} автор-корреспондент, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, постдокторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0001-5292-6727 E-mail: kama_kz89@mail.ru

² докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0002-5741-0038 E-mail: zhanee@mail.ru

³ философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-8302-3982 E-mail: adossanova@gmail.com

МЕДИЦИНА ТЕРМИНЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚЫЛАНДЫРУ ҮДЕРІСТЕРІ: СҮЙЕК-БУЫН АТАУЛАРЫНЫҢ КОДИФИКАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Мемлекеттік тілдің ғылым мен кәсіби салалардағы қолданысын кеңейту және нығайту – еліміздегі тіл саясаты мен ұлттық даму стратегиясының басым бағыттарының бірі. Осыған байланысты қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі мәртебесін арттыру үдерісінде салалық терминологияны, соның ішінде медицина терминжүйесін ұлттық тілдік нормаларға бейімдеу аса өзекті. Сүйек-буын атауларының терминдік табиғатын зерттеу медицина саласындағы ұлттық терминологияның іргелі лексикалық қабатын анықтауға, құрылымдауға және жүйелеуге мүмкіндік береді. Сүйек-буын атаулары анатомиялық терминологияның құрылымдық өзегі ретінде медициналық диагноздардың, ауру атауларының және клиникалық дискурстың негізін құрайды. Бұл атауларды қазақ тілінде біріздендіру, кодификациялау және лексикографиялау – медициналық білім беру, аударма, денсаулық сақтау жүйесінде қазақ тілінің толыққанды қолданысын қамтамасыз ететін маңызды қадам. Сүйек-буын атаулары қазақ тілінің байырғы сөздік қорына тиесілі, этнолингвистикалық және фразеологиялық өрісте жиі қолданылатын бірліктер екеніне қарамастан, қазіргі салалық оқулықтардағы, сөздіктер мен анықтамалықтардағы, ең бастысы клиникалық дискурстағы сүйек-буын атауларының қолданысы әркелкі сипатқа ие. Қазақ халқының дәстүрлі медицинасында, ұлттық танымында және құндылықтар жүйесінде қалыптасқан сүйек-буын атаулары тарихи, тілдік және мәдени негізге ие. Осы атауларды ұлттық терминжүйенің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру ғылыми-практикалық тұрғыдан аса маңызды. Мақалада медицина терминжүйесін қазақыландыру үдерістерінің тілтанымдық негізі қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде сүйек-буын атауларын зерттеудің өзектілігі дәйектеліп, олардың қазақ тіліндегі баламаларының кодификациялану деңгейі, терминжасам үлгілері және лексикографиялану жай-күйі талданады.

Тірек сөздер: медицина терминжүйесі; қазақыландыру үдерістері; сүйек-буын атаулары; кодификация; лексикография; терминжасам

Сілтеме жасау үшін: Алдашева К.С., Есполова Ж.Е., Досанова А.М. Медицина терминжүйесіндегі қазақыландыру үдерістері: сүйек-буын атауларының кодификациясы. *Tiltany*, 2025. №4 (100). 145-165-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-145-165>

**Камар Сагингалиевна Алдашева^{1*}, Жанар Еркиновна Есполова²,
Альбина Маратхановна Досанова³**

^{1*} автор-корреспондент, доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, постдокторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0001-5292-6727 E-mail: kama_kz89@mail.ru

² докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0002-5741-0038 E-mail: zhanee@mail.ru

³ доктор философии (PhD), ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-8302-3982 E-mail: adossanova@gmail.com

ПРОЦЕССЫ КАЗАХИЗАЦИИ В МЕДИЦИНСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЕ: КОДИФИКАЦИЯ НАИМЕНОВАНИЙ КОСТЕЙ И СУСТАВОВ

Аннотация. Расширение и укрепление использования государственного языка в науке и профессиональных

сферах является одним из приоритетных направлений языковой политики и национальной стратегии развития нашей страны. В этой связи адаптация отраслевой терминологии, в том числе медицинской терминологической системы к национальным языковым нормам приобретает особую актуальность в процессе повышения статуса казахского языка как языка науки. Исследование терминологической природы наименований костей и суставов позволяет определить, структурировать и систематизировать фундаментальный лексический пласт национальной медицинской терминологии. Наименования костей и суставов, являясь структурным ядром анатомической терминологии, формируют основу медицинских диагнозов, номенклатуры заболеваний и клинического дискурса. Их унификация, кодификация и лексикографическое описание на казахском языке рассматриваются как важный шаг к обеспечению полноценного функционирования государственного языка в системе медицинского образования, профессионального перевода и здравоохранения. Несмотря на принадлежность этих наименований к исконному словарному фонду казахского языка и их широкое употребление в этнолингвистическом и фразеологическом пространстве, в современных отраслевых словарях, учебниках и особенно в клиническом дискурсе они используются неравномерно. Костно-суставная лексика, сформированная в традиционной медицине, в системе национального мировоззрения и ценностных представлений казахского народа, имеет богатую историческую, языковую и культурную основу. Рассмотрение этих наименований как составной части национальной терминологической системы представляет собой важную научную и прикладную задачу. В статье рассматриваются лингвистические основы процесса казахизации медицинской терминологической системы. В качестве объекта исследования обоснована актуальность изучения наименований костей и суставов, анализируется степень их кодифицированности в казахском языке, модели терминообразования и текущее состояние их лексикографического описания.

Ключевые слова: медицинская терминологическая система; процессы казахизации; наименования костей и суставов; кодификация, лексикография; терминообразование

Для цитирования: Алдашева К.С., Есполова Ж.Е., Досанова А.М. Процессы казахизации в медицинской терминологической системе: кодификация наименований костей и суставов. *Tiltanyim*, 2025. №4 (100). С. 145-165. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-145-165>

Kamar Aldasheva^{1*}, Zhanar Yespolova², Albina Dossanova³

^{1*}Corresponding Author, Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Postdoctoral Researcher, Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5292-6727 E-mail: kama_kz89@mail.ru

²Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0002-5741-0038 E-mail: zhanee@mail.ru

³Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-8302-3982 E-mail: adossanova@gmail.com

PROCESSES OF KAZAKHIZATION IN THE MEDICAL TERMINOLOGICAL SYSTEM: CODIFICATION OF BONE AND JOINT NOMENCLATURE

Abstract. The expansion and consolidation of the use of state language in scientific and professional domains is one of the priority directions of Kazakhstan's language policy and national development strategy. In this regard, the adaptation of sectoral terminology, including the medical terminological system, to national linguistic norms is particularly relevant in the process of enhancing the status of the Kazakh language as a language of science. The study of the terminological nature of bone and joint names allows for the identification, structuring and systematization of the fundamental lexical layer of national medical terminology. As a structural core of anatomical terminology, bone and joint names form the basis of medical diagnoses, disease nomenclature, and clinical discourse. Their unification, codification and lexicographical description in the Kazakh language are considered essential steps toward ensuring the full-fledged functioning of the state language in medical education, professional translation and the healthcare system. Despite belonging to the original lexical fund of the Kazakh language and being widely used in ethnolinguistic and phraseological domains, their representation in modern sectoral dictionaries, textbooks and especially in clinical discourse remains inconsistent. The lexical field of bones and joints, shaped by traditional medicine and embedded in the national worldview and value system of the Kazakh people, has a rich historical, linguistic, and cultural foundation. Considering these lexical units as an integral part of the national terminological system constitutes an important scientific and applied task. This article examines the linguistic foundations of the Kazakhization process in the medical terminological system. It substantiates the relevance of studying bone and joint terminology, analyzing the degree of their codification in the Kazakh language, models of term formation, and the current state of their lexicographical representation.

Keywords: medical terminological system; kazakhization processes; bone and joint nomenclature; codification; lexicography; term formation

For citation: Aldasheva, K., Yespolova, Zh., Dossanova, A. Processes of Kazakhization in the Medical Terminological System: Codification of Bone and Joint Nomenclature. *Tiltanyim*, 2025. No.4 (100). P. 145-165. (in Kazakh)

Кіріспе

Терминжүйе – белгілі бір ғылым саласында қолданылатын, сол саланың ғылыми метатілін қалыптастыратын терминдердің жүйелі жиынтығы. Медицина терминжүйесі – медицина саласындағы арнаулы ұғымдарды білдіретін терминдердің жиынтығы мен оларды жүйелеудің қағидаттары.

Жаһандану мен ұлттық тіл саясатының тоғысында ғылыми-техникалық салалар бойынша терминжүйедегі мемлекеттік тілдің орнын белгілеу – қазақ тілінің өміршеңдігін нығайтуға тікелей ықпал ететін фактор. Осыған байланысты салалық терминжүйені қазақыландыру үдерісі еліміздегі мемлекеттік тіл саясатын және тілдік жоспарлауды жүзеге асыруға, сондай-ақ қазақ тілінің қоғамдық өмірдің әралуан саласында, соның ішінде ғылым, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы қолданыс аясын кеңейтуге бағытталады. Еліміздегі тілдерді дамыту мен қолданыс аясын кеңейтудің мемлекеттік бағдарламаларында және тіл саясаты тұжырымдамасы сияқты стратегиялық құжаттарда қазақтілді терминологиялық базаны қалыптастырудың, мамандандырылған ұғым-түсініктердің ғылыми дәлділігі мен жалпыға түсініктілігін қамтамасыз етудің маңыздылығы ұдайы әрі нақты көрсетіліп келеді.

Медицина терминологиясы – құрылымдық жағынан күрделі, семантикалық аясы терең, халықтық сипатқа ие терминдік жүйе. Қазақ тіліндегі медициналық атаулардың қалыптасуы кеңестік кезеңмен тұспа-тұс келгенмен, бүгінгі таңда терминжасамның аударма, біріздендіру, кодификациялау, лексикографиялау сияқты аспектілердегі проблемаларға ғылыми талдау жасау өзектілікке ие. Өйткені «терминологиялық қор қалыптастыру тек әлеуметтік не қоғамдық-саяси қажеттілік емес, лингвистикалық заңдылықтарға сүйенетін табиғи үдеріс» (Бисенғали, Исалиева, 2025: 124).

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері қарай ұлттық терминологияны дамыту бойынша іс-шаралардың нәтижелерінен қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінің дамуы сипатын, қазақ тілінің сөздік қорындағы салалық атаулар қорының кеңейгендігі байқалады. Мұндай нәтижеге қол жеткізудегі басты үдеріс – қазақыландыру. Медицина бағыты бойынша салалық терминжүйені қазақыландыру – ұлт тілінің ғылыми әлеуетін арттыру арқылы денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін қалыптастыруға бағытталған көпсатылы үдерістегі маңызды қадамдардың бірі. Денсаулық сақтау саласындағы терминжүйені қазақыландыру қазақстандықтардың мемлекеттік тілде сапалы медициналық ақпаратқа қол жеткізуіне, салалық мамандарды даярлау ісінде қазақ тілінің толыққанды қызмет етуіне және ұлт тілінің функционалдық мүмкіндіктерінің артуына, ең бастысы дәрігер мен науқас арасындағы тілдік қарым-қатынастың лингвистикалық негіздерін қалыптастыруға ықпал етеді. Өйткені қазақыландыру – қазақ тілінің ғылыми-қолданбалы әлеуетінің басты көрсеткіші.

Медицина саласына тиесілі кәсіби лексиканы қазақыландыру үдерісінде кодификациялау және лексикографиялау шешуші рөл атқарады. Қазақыландырылған терминдердің кодификациялануы (ресми бекітілуі) мен лексикографиялануы (сөздіктер мен анықтамалықтарға енуі) терминжүйенің коммуникативтік тұрақтылығына ықпал етеді. Бұл – қазіргі тілтанымның терминтану саласындағы өзекті ғылыми-тәжірибелік мәнге ие мәселе.

Қазақыландырылған медицина терминдерін кодификациялау шеттілдік атауларды аудару немесе қазақ тілінің төл заңдылықтарына бейімдеумен шектелмейді. Бұл үдеріс терминдік атауларды ресми нормалауға, қолданысын бекітуге және салалық-коммуникативтік кеңістікке енгізуге бағытталады. Сондықтан да медицина терминдерінің кодификациялануы медициналық ұғым-түсінік атауының нақты бір нұсқасын стандарт ретінде таңдау, нормативтік деңгейде бекіту және терминнің ресми қолданысын жүйелеу шараларымен тікелей байланысты. Академик Р. Сыздықтың кодификация туралы «тілдің қолданысында жүйелі тәртіп орнатады, тілдік заңдылықтарды тұрақтандырады, әдеби нормадан тысқары элементтерді тоғытып жіберуден сақтайды» (Сыздық, 2001) деген тұжырымында мұндай терминдік атауларды кодификациялаудың маңыздылығы дәл айтылған.

Терминдерді кодификациялаумен қатар тағы бір маңызды ғылыми-қолданбалы мәнге ие іс-

шара – лексикографиялау. Қазақыландырылған медицина терминдерін лексикографиялау – медициналық атаулардың ғылыми, кәсіби сөздіктерге, анықтамалықтар мен электронды платформаларға енгізілуі. Лексикографиялау тілдік бірліктердің сөздіктерге енгізумен шектелмейді, олардың мағынасы, түсіндірмесі, қолданыс аясы, синонимдік қатарлары, аударма нұсқалары сияқты анықтамалық ақпараттарды да қамтиды.

Тұтастай алғанда, қазақ тілінің қазіргі даму динамикасының бағыты мен әлеуетін бағалауға мүмкіндік беретін айрықша нысана ретінде қазақыландырылған медицина терминдерінің кодификациялануы мен лексикографиялану жағдайына талдау жасау терминдік атаулардың дұрыс, бірізді қолданысын бағалауға, сондай-ақ тілаларлық «бәсекелестік» жағдайында тіл бірліктерінің сөздік қордағы орнын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қазір медицинада кең таралған аурулардың бірі – сүйек-буын жүйесімен байланысты патологиялар. Мұндай диагноздар күнделікті медициналық практикада жиі кездеседі. Нақты дерекке сәйкес, қазақстандықтар арасында ғана емес, әлем бойынша көптеген елдерде жиі кездесетін аурулардың қатарында *остеоартрит*, *остеопороз*, *артрит*, *сколиоз* сияқты сүйек-буын аурулары бар (Baq.kz; Abay.kz). Бұл ауруларға қатысты терминологиялық атаулар кәсіби клиникалық мәтіндерде, дәрігерлік қорытындылар мен науқастарға арналған нұсқаулықтарда, медициналық оқу құралдарында жиі қолданылады. Сүйек-буын ауруларына қатысты қазақыландырылған медициналық терминжүйенің өзегін *сүйек* және *буын* атаулары құрайды. *Сүйек* және *буын* атауымен байланысты терминдік бірліктердің кодификациялануы және лексикографиялануын талдау арқылы медицина терминжүйесінің қазақ тіліне бейімделу деңгейін бағалауға болады. Өйткені сүйек-буын ауруларының базалық лексикалық тірегі – *сүйек-буын* атауларының кодификациялануы мен лексикографиялануы сүйек-буын аурулары бойынша қазақыландырылған медицина терминдерін жүйелеуге ықпал етеді.

Материал және әдістер

Қазақыландырылған медицина терминдері – медицина терминжүйесінің қазақ тілінің төл әлеуеті мен ішкі мүмкіндіктеріне бейімделіп, ұлттық тілдік нормаға сәйкес трансформациялану нәтижелері.

Зерттеу материалдары ретінде сүйек-буын атауларын құрайтын қазақыландырылған медициналық терминдер талдауға негіз болды және зерттеу материалдарының кодификациялануы жай-күйін бағалау үшін негізгі кодификаторлар ретінде төрт қайнар басшылыққа алынды:

- 1) Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі;
- 2) «Termincom.kz» электрондық базасы;
- 3) Аурулардың халықаралық жіктемесі;
- 4) Денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық құжаттар.

Сонымен қатар сүйек-буын атауларының сөздіктер мен анықтамалықтарға енгізілуі бірқатар лексикографиялық еңбектер бойынша талданып, зерттеу нысанасының лексикографиялану мәселелері де қатар анықталды. Бұл тұрғыдан зерттеуде «Қазақ әдеби тілінің» сөздігіне терминдік аталымдардың ену-енбеу жай-күйіне назар аударылды.

Негізгі кодификаторлардың әрқайсысына жеке тоқталу зерттеудің мақсатын толық айқындауға ықпал етеді:

1. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі – қазақ сөзінің дұрыс жазылуын нормативті заңдастыратын кодификатор. Қазақ тілінің қазіргі жазба коммуникациясында сөздердің бірге-бөлек жазылу мәселесі ұлттық терминқорды біріздендіруде де өзекті. Медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының қазақ тілінің емле сөздіктеріне тіркелуімен қатар олардың жазылуына қатысты проблемалардың мән-жайына талдау жасау үшін 1988 және 2013 жылдары жарық көрген орфографиялық сөздіктер назарға алынды («Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», 1988; «Орфографиялық сөздік», 2013).

2. Елімізде қазақ терминологиясын жүйелеу мен дамыту ісі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия тарапынан жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында «Termincom.kz» веб сайты 30 салалық

бағыт бойынша терминдердің бірыңғай республикалық терминологиялық электрондық базасы ретінде жұмыс істейді (Termincom.kz). Терминологиялық базада жалпы саны 390 022 термин қамтылған, солардың қатарында іргелі салалық бағыттардың бірі ретінде медицина саласы бойынша 10 178 терминнің қазақ және орыс тілдеріндегі атаулары берілген. «Termincom.kz» базасының іздеу жүйесінің нәтижесі *сүйек* сөзіне қатысты 488, ал *буын* сөзіне қатысты 521 терминдер мен терминдік тіркестерді көрсетті. Зерттеудің мақсатына сәйкес терминологиялық қордағы медицина саласы бойынша белгіленімі бар сүйек-буын атауларына жаппай іріктеу жасалды.

3. Зерттеу материалдарын іріктеуге және кодификациялануын дәйектеуге негіз болған халықаралық стандарт – «Аурулардың халықаралық жіктелуі» (АХЖ) – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы тарапынан әзірленген халықаралық нормативтік құжат. Бұл ресми құжатта барлық белгілі аурулар, олардың симптомдары мен себептері және басқа да денсаулық жағдайына қатысты барлық ақпарат жүйеленген және кодталған. Құжаттың басты мақсаты – әлем бойынша ауру мен өлім себептерін статистикалық тіркеуге және талдауға арналған медицина терминологиясын стандарттау. «Аурулардың халықаралық жіктелуі» тек клиникалық тәжірибеде ғана емес, ғылыми зерттеулерде, сақтандыру медицинасы, денсаулық сақтау, эпидемиология, денсаулық сақтау статистикасы сияқты салаларда қолданылады. 2022 жылдың басынан АХЖ-11 деп аталатын нормативтік құжат қолданысқа енген. Медицина терминжүйесі үшін құжаттың маңызы – медициналық ақпарат алмасу кезінде халықаралық келісімді қамтамасыз ету. Әлем бойынша Қазақстан – қазақ тіліне «Аурулардың халықаралық жіктелуін» ресми түрде аударған 11-ші мемлекет. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайтында қазақ тіліндегі жіктеме қолжетімді (ICD-11, kk) (АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы). Қазақстанда АХЖ ратификацияланғаннан кейін, яғни халықаралық келісімшарт түрінде заң күшіне енгендіктен, аталған құжат еліміздегі денсаулық сақтау саласы бойынша заңнамалық міндетті норма ретінде танылады.

«Аурулардың халықаралық жіктелуінде» *буын* атауымен байланысты шамамен 525 термин кездессе, *сүйекпен* байланысты терминдердің саны – 262. Сүйек-буын гиперонимдеріне қатысты гипонимдер ретінде құрамында тек *сүйек* және *буын* сөзі бар атаулар ғана емес, гипонимдік қатарға енетін *омыртқа*, *жілік*, *саусақ*, *шыншақ*, *тобық*, *иық*, *жамбас*, *тізе*, *алақан*, *жіліншік*, *байлам*, *сіңір* сияқты медициналық терминдердің кодификациялануы мен лексикографиялануына да назар аудару маңызды.

4. Қазақстандық ішкі саясаттың маңызды тармағы ретінде денсаулық сақтау саласында да терминжүйені біріздендіру – тілдік жоспарлауды жүзеге асырудың айрықша тетігі. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі – «Әділет» порталындағы денсаулық сақтау саласы бойынша заңнамалық құжаттар – медицина терминжүйесін біріздендіруге тікелей қатысатын кодификаторлар. Осыған байланысты аталған заңнамалық портал бойынша:

– «Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы қағида» (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 6 маусымдағы №352 Бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты» (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қазандағы №156 бұйрығы);

– «Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық» (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы №368 Бұйрығы) деп аталатын заңнамалық құжаттар мәтіндеріндегі сүйек-буын атауларының қолданысы зерттеуде басшылыққа алынды (Әділет).

Зерттеудің мақсатына сәйкес сүйек-буын ауруларына қатысты: а) қазақыландырылған медициналық терминдерді жаппай іріктеу және иерархиялық жүйелеу үшін гипероним-гипонимдік талдау әдісіне; ә) терминдердің клиникалық және заңнамалық құжаттарда қолданылуы сипатын анықтау үшін контекстік талдау әдісіне; б) медицина терминжүйесіндегі қазақыландыру үдерістерін дәйектеу мақсатында салғастырмалы әдіске негізделген зерттеулер

жүргізілді.

Әдебиетке шолу

Қазақ терминологиясы – ұлттық тілдің ғылыми әлеуетін танытатын арнасы; тілдің ұлт мәдениетімен, ғылымымен және қоғамның зияткерлік деңгейімен тікелей байланысты тіл білімінің саласы. Терминжасам тәжірибесі қазақ тіл білімінде өткен ғасырдың басынан қалыптасты және Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, профессор Құдайберген Жұбанов, Алаш ардақтылары Елдес Омаров, Халал Досмұхамедұлы сияқты ғалымдар ұлт тілінің ішкі заңдылығына сүйеніп, ғылыми атауларды қалыптастырудың қағидаттарын алғаш болып ұсынды. Осы кезеңде терминологияны ұлт тіліне бейімдеу, жаңа ұғымдардың қазақ тіліндегі баламасын табу және сөзжасамдық үлгілерді ғылыми жүйеге келтіру үдерістері басталды.

Өткен ғасырдың орта тұсында медицина, техника және жаратылыстану салаларындағы терминдер көп жағдайда қазақ тіліне орыс тілі арқылы енді. Бұл үрдістің нәтижесінде ұлттық терминдік жүйе синтетикалық сипат алып, шеттілдік және жергілікті тіл элементтері қатар қолданылды. Тәуелсіздік алған кезеңнен бері ғана қазақ тіл білімінде терминологиялық саясаттың бағыты ұлттық болмысқа, төл түбірге және тілдің уәжділік заңдылығына қарай бет бұра бастады. Осылайша медицина, құқық, техника, ақпараттық технологиялар сияқты іргелі салаларда терминжүйені қазақыландыру үдерісі басталды.

Тұтастай алғанда, қазақ тіл білімінде терминология мәселесі XX ғасырдың басынан бастап жүйелі зерттеліп келеді. Алаш зиялыларының терминжасамдағы басты ұстанымы – ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктерін пайдалану. Осының нәтижесінде ғылым тілін қазақыландыру үдерісінің фонетикалық және морфологиялық қағидаттары нақтыланып, алғаш рет қазақ ғылыми терминдерінің үлгілері жасалды (Байтұрсынов, 1992; Жұбанов, 2010; Досмұхамедұлы, 1998).

Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, С.Қ. Әлісжанов, С.С. Исакова, Қ.Ж. Айдарбек, С. Құлманов, А. Бисенғали сияқты белгілі терминтанушылардың іргелі еңбектерінде қарастырылып келеді. Қазақ терминдерін біріздендірудегі қазақ тілінің рөлі жөнінде академик Ш. Құрманбайұлы былай деп жазады: «Ұлт тілінде жасалған терминдердің сапасын анықтап, олардың арасынан ғылыми ұғымды дәл беретін, тілдік нормаға сай сәтті жасалғандарын уақытылы сұрыптап, іріктеп алу жолға қойылмаған. Соның салдарынан түрлі факторлар әсерінен терминге қойылатын талаптарға сай жасалған нұсқа таңдалмай, сәтсіз жасалған атаулар қолданысқа еніп, ресми бекітіліп кетіп жатады» (Құрманбайұлы, 2019: 92).

Белгілі терминолог ғалым С. Әлісжанов қазақ терминологиясының бүгінгі даму бағыты өткен ғасырдың соңғы онжылдығында басталған «қазақыландыру» сипатымен ерекшелігін айта келіп, «бүгінгі таңда термин жасау ісіне ұлттық мүдде тұрғысынан қайта қарау немесе кезіндегі А. Байтұрсынұлы бастаған ұлтжанды қазақ зиялыларының терминжасам тәжірибесін жалғастыру ісіне» оң баға береді: «Қазақ тілінің байырғы сөздік қоры термин жасауда неғұрлым белсенді пайдаланылып, терминологиялық лексика таза қазақ (немесе «қазақы») терминдерімен байи түсті. Осының бәрі қазақ тіліндегі терминология мәселесінің ғылыми әрі практикалық жағынан қауырт зерттелуіне негіз болды» (Әлісжанов, 2004: 18).

Шын мәнінде «термин – белгілі бір білім саласымен тығыз байланысты. Білім саласының ғылыми ұғымдар жүйесінен тұратыны белгілі. Сол ғылыми ұғымдар жүйесі білім саласының нысаны мен оны сипаттаудың тәсілдері туралы құрылымдық сұлбасын жасайды. Ғылыми ұғымдар жүйесі неғұрлым анықталған саланы терминологиясы қалыптасқан деп атауымыздың сыры сонда болса керек» (Әлісжанов, 2004: 20). Осындай терминжүйесі аса күрделі салалардың бірі – медицина.

Салыстыра қарағанда, медицина терминжүйесі халықаралық сипаттағы ең тұрақты жүйелердің бірі. Өйткені ұлттық тілдерден тыс оның ғылыми негізі – латын және грек тілдері. Медицина саласының терминжүйесін әлемдік стандарт түрінде қалыптастыруды жолға қою сала мамандары үшін ғана емес, жекелеген ұлттық тілдер үшін де аса маңызды. Осындай мақсатта жарық көрген “Stedman’s Medical Dictionary” және “Dorland’s Illustrated Medical Dictionary” деп аталатын сөздіктер медицина саласындағы терминологияның әлемдік стандарттарын жасауда жетекші орын алады (Stedman’s medical dictionary for the health professions and nursing, 2005;

Dorland's Illustrated Medical Dictionary, 2020).

Анатомиялық терминология жөніндегі Федеративтік комитеттің (Federative Committee on Anatomical Terminology) Terminologia Anatomica деп аталатын жобасы – анатомиялық атаулардың халықаралық кодификацияланған жүйесі, онда сүйек, бұлшық ет және буын құрылымдарына қатысты терминдер бекітілген.

Әлемдік стандарт тұрғысынан медицина терминжүйесінің бірізділігіне қатысты зерттеулер тілтаным мен медицинаның тоғысында өзектілігін жойған жоқ және осы бағыттағы халықаралық ізденістердің қатары мол (Derevianchenko, 2018; Akbarkhadjaeva, 2020; Chmielewski, 2022; Sadigova, 2025). Бұл проблемалардың шешімін табуда ұлттық тілдердің де рөлі ерекше. Өйткені терминнің аударылуындағы семантикалық сәйкессіздік, терминдердің контекстке қарай бейімделуі, калькалау, транслитерация сияқты мәселелер тікелей жекелеген тілдердің құрылымдық, семантикалық, когнитивтік негіздерімен байланысты.

Қазақ медицина терминжүйесінің тарихи бастауы дегенде ойға оралатын алғашқы еңбек – Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» деп аталатын жинағы. «Шипагерлік баян» – қазақ тіліндегі алғашқы медициналық энциклопедия ғана емес, ұлттық ұғымдар жүйесіне негізделген таным кітабы. Өйткені кітапта аурудың себептері, адам ағзасының құрылысы, жан мен тән тұтастығы, табиғи үйлесім заңдылықтары сияқты ұғымдар философиялық-танымдық тұрғыдан қарастырылған. Шаяхмет Қалиұлы «Шипагерлік баянның» берері мол» деп аталатын «Ана тілі» газетінде жариялаған мақаласында: «...адамның тұтас тұлғасын ішкі 12 көмескі мүше, сыртқы 12 көрнеу мүше деп, жалпы 24 мүшеге бөлген. Осы мүшелер арасындағы жымдасқан байланысты нәзік те терең ғылыми жүйемен түсіндіреді» деп, еңбектің құрылымдық-мазмұндық ерекшелігін кеңінен талдаған (Қалиұлы, 2020).

Еліміздегі Денсаулық сақтау министрлігі сала бойынша «медициналық терминдердің бірыңғай сөздігін әзірлеу, денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің терминологиялық базасын қалыптастыру мәселелеріне» ерекше назар аударуда (Жалғас, 2025).

Медицина атауларының терминдік табиғатын тілтанымдық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі, терминдердің бірізділігі мен оларды кодификациялау мәселелері Республикалық терминологиялық комиссияның ұдайы назарында. Медициналық атаулар бойынша Комиссия жұмысына қатысты М. Ахметов «Медициналық терминдер мәселесі» деп аталатын мақаласында «сөздеріміздің санын емес сапасын арттыру үшін» екі ұсыныс береді: Бірінші. Орыс сөздерінің бәрін міндетті түрде һәм тек сауатты түрде, қазақшаға аударып алуымыз керек. Екінші. Халықаралық терминдерді әзірше абайлап қазақшалау керек, оның өзінде терминологтар мен аудармашылар эквивалент сөздерді тек арнаулы ғылым саласының қазақшаға жетік мамандарымен біріге отырып іздеуі керек» (Ахметов, 2018). Зерттеуші медицина саласындағы ұлттық терминология үшін пайдалы бірқатар қолданбалы ұсыныстарды да көрсетеді, мәселен, «грек-латын терминэлементтерінің (*гипо-*; *гипер-*; *диз-*; *дис-*; *гастро-*; *нефро-*, *-емия*; *-тония*; *-генезия*; *-урия*) бірқатар артықшылықтары бар, сондықтан жаңа терминдерді құрғанда осыны ескеру керек. Олар классикалық «өлі» тілдердің алтын қазынасынан бастау алғандықтан, мағыналары өзгермейді, ары қарай дамымайды. Этимологиялық аспект артта қалып, терминологиялық семантика алға шығады» (Ахметов, 2018).

Медициналық терминжүйе туралы Ш. Отарғалиева қазақ тілінің терминжасамдағы мүмкіндігін мынадай пікірмен дәйектейді: «Қазақтың өз емшілері мен бақсы-балгерлері, тәуіптері болғаны, олардың өзіндік емдеу-сауықтыру тәсілдері қалыптасқаны белгілі. Демек, қазақтың халық емшілері лексикасынан қазіргі медициналық терминдерге балама сөздер мен сөз тіркестерін табуға болады» (Отарғалиева, 2013). Зерттеуші «өзінің қалыптасуы мен даму ерекшелігіне қарай қазақ медицина терминдік лексикасының тарихы өте ертеден басталған» деп, жоғарыда аталған Ө. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянын» бес ғасыр бұрын жарық көрген қазақ медицина терминжүйесінің іргетасы ретінде бағалайды (Отарғалиева, 2013).

Медицина терминдерінің ұлттық жүйесін қалыптастырудың бастауы өте ертеден басталса, соңғы онжылдықтарда осы мәселеге қатысты тілтанымдық ғылыми зерттеулердің қатары да артып келеді. Зерттеуші Б. Хасанғалиеваның «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты» деп аталатын PhD

докторлық диссертациясы медицина терминдерін когнитивтік бағытта талдауға арналған. Еңбекте көрсетілгендей, «қазақ даласындағы алғашқы медициналық көмек, аурудың түрлері, оларды емдеудің тәсілдері туралы М.Я. Ястребов «Қырғыз шамандары» (1851), И. Лосьев «Қырғыз даласындағы медицина» (1874), В.Н. Плотников «Қырғыз халық медицинасы туралы» (1892), А.А. Диваев «Қырғыздардың наным-сенім саласынан. Бақсы емдеуші және сикыршы ретінде» (1899), А.Е. Алекторов «Қырғыздардың аурулары және оларды емдеу құралдары» (1900), А. Васильев «Торғай облысының қырғыздарының ауруларды емдеу кезінде қолданған халықтық тәсілдері мен құралдары» (1901), А. Диваев «Қырғыз аурулары және оларды «бәдік» жырлары арқылы емдеу» (1907), А. Виноградский «Орта Азия ауылдарындағы емшілік» (1909) және т.б. еңбектер жарық көрген» (Хасанғалиева, 2025: 75).

Қазіргі «медицина бағытындағы терминдердің тақырыптық топтары төмендегідей сипатта беріліп жүр: 1) ауру атаулары, 2) аурудың себептері не этимологиясы, 3) аурудың белгілері, 4) анатомиялық терминдер, 5) емдеу әдістері мен үдерісі, 6) заттек атаулары, 7) дәрілік атаулар» (Отарғалиева, 2013). Осы жіктемеге сәйкес, анатомиялық терминдер өте күрделі және ауқымы жағынан өте үлкен медициналық терминдердің тобын құрайды. Өйткені анатомиялық атаулар – көрсетілген жіктеме бойынша басқа топтардың негізі; медицина саласындағы қазақ тілінің ғылыми әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін бағыт. Анатомиялық атаулардың қатарында сүйек-буын атауларын дербес зерттеу қазақ тіліндегі медицина терминологиясын жүйелеу, кодификациялау, қазақыландырудың тілтанымдық тетіктерін айқындау үшін маңызды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақыландырылған медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының кодификациялануы – ұлттық терминологиялық саясаттың, халықаралық медициналық стандарттарға бейімделудің және мемлекеттік тілдегі ғылыми коммуникацияның өзара тоғысында жүзеге асырылатын, терминнің құқықтық мәртебесін, қолданыстағы бірізділігін ресми бекітетін және лингвомәдени уәжділігін айқындайтын маңызды тілдік-әлеуметтік үдеріс. Кодификацияланған терминнің заңдық негізі мен нормативтік мәртебесі оның тек ғылыми айналымда ғана емес, клиникалық, әкімшілік, оқу-әдістемелік, аударма және денсаулық сақтау салаларындағы тиімді қолданысын қамтамасыз етеді. Медицина терминжүйесін құрайтын терминдердің кодификациялануы әлемдік деңгейде маңызды болса, денсаулық сақтау саласының ұлттық жүйесін қалыптастыру мен дамытуда қазақыландырылған терминдердің кодификациялануы – тұтастай мемлекеттік тілдің өміршендігі мен функционалдық мүмкіндіктерін кеңейтудің маңызды тетігі.

Медицина саласында жиі қолданылатын терминдердің бір тобын *сүйек* және *буын* атаулары құрайды. Бұндай ұғым-түсініктер қазіргі қазақстандық медицинасында орыс тілінен және латын-грек тілдерінен енген атаулар түрінде кездеседі, алайда мемлекеттік тілдің медицина саласындағы қолданысын нығайту мақсатында осы саладағы терминдерді қазақыландыру үдерісі белсенді сипат ала бастады, бұл салалық терминологияның ұлттық сипатына ұдайы назар аударылып отырғанын көрсетеді. Дегенмен қазақ тіліндегі сүйек-буын атауларының медицина терминжүйесіндегі қолданысын кодификациялау біркелкі емес.

Қазақ тілінде сүйек-буын атауларының мол болуы қазақ халқының тарихи-мәдени өмір салтымен, дәстүрлі танымдық тәжірибесімен, ұлттың анатомиялық білімінің тереңдегімен, сонымен қатар көшпелі өмір салтының ерекшелігімен тікелей байланысты. Қазақ тілінде адам денесінің анатомиялық және физиологиялық құрылымына қатысты ұғымдар жүйесі халықтық медицина тәжірибесінде, күнделікті тұрмыстық және еңбек қарым-қатынасында, мал шаруашылығы мәдениетінде қалыптасып, ұлт тілінің негізгі сөздік қорында орныққан. Әсіресе *мал сою*, *етті мүшелеу* шаралары және *сүйектің сыныуы*, *сүйектің шығуы* сияқты ауруларға қатысты емдеу шаралары халықтың сүйек-буын жүйесіне қатысты анатомиялық білімінің кеңдігін дәйектейді.

Халықтық танымда сүйек-буын жүйесі тек биологиялық құрылым ретінде ғана емес, мәдени-концептуалдық нысана ретінде де орныққан. Айталық, қазақ тіліндегі *тоқпан жілік*, *кәрі жілік*, *асықты жілік*, *ортан жілік* сияқты жіліктердің әрқайсысы жеке-жеке атауға ие және қазақтың тағамдық мәдениетінде ерекше орын алады. Жілік түрлері символдық, әлеуметтік және

этикалық мәнге ие. Сүйек-буын атауларымен байланысты тұрақты тіркестер мен фразеологизмдерде ұлтқа тән танымдық сипат бар: *жілігі шағылу, жілігі татиды, арзанның жілігі татымайды, сүйегі асыл, буынсыз жерге пышақ ұру, тізе бүгу, қабырғасымен кеңесу* және т.б.

Лексикографиялық еңбектерге жасалған шолу нәтижесінде *сүйек* және *буын* атауларына берілген түсіндірмелердің ішінде медицина терминжүйесі үшін олардың денотат мағынасы толық сәйкес келеді:

– «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: *Сүйек* – 1. зат. Адам мен хайуанаттар денесінің қаңқасы (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011);

– Арнаулы тар өрісті терминдердің түсіндірме сөздігінде: *Сүйек* – омыртқалы жануарлар қаңқаларының негізгі элементі (Цитология, гистология, эмбриология терминдерінің түсіндірме сөздігі, 2012) деген анықтамалар берілген.

Анатомия, биология, лингвистика салаларында кең қолданысқа ие *буын* терминінің денотат мағынасы бойынша медицина терминжүйесіне тікелей қатысты түсініктемелерден төмендегілер іріктелді:

– «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: *Буын* – зат. 1. <лат. articulatio> анат. Адам я жан-жануарлар сүйектерінің бір-бірімен өзара қозғалмалы түрде жалғасқан (байланысқан) аралығы (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011);

– «Орысша-қазақша ветеринарлық сөздікте»: *Буын* – қаңқа сүйектерінің қозғалмалы байланысқан буындық бастарынан құралған мүше (Орысша-қазақша ветеринарлық сөздік, 2013);

Бұл түсіндірмелердің ішінде медицина терминжүйесі үшін *сүйек* және *буын* атауларының денотат мағынасы басшылыққа алынуы заңды. Өйткені атаудың денотат мағынасы терминнің ғылыми нақтылығын қамтамасыз етеді.

Сүйек-буын атауларының гипероним-гипонимдік қатынастары медицинадағы терминдердің иерархиялық жүйесімен, яғни сүйек-буынның анатомиялық жүйесімен сәйкес келеді. Бұл олардың кодификациялануы мен лексикографиялану жай-күйін бағалауда да маңызды ғылыми негіз бола алады. Осындай ерекшелік «Аурулардың халықаралық жіктелуінде» сүйек-буын аурулары мен оған қатысты анатомиялық құрылымдардың жүйеленуінде анық байқалады. Халықаралық құжаттағы «Х Кеңейту Кодтары» деп аталатын тарау 14 тараушаға бөлінген. «Анатомия және топография» деп аталатын тараушаның ішкі тармақтарының қатарында «Тірек-қимыл аппараты» ⇒ «Сүйектер», «Буындар мен байламдар», «Шеміршек», «Бұлшықеттер», «Сіңірлер» деп аталатын тақырыптық топтарға жіктелген (АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы). Осы жіктемені басшылыққа ала отырып, сүйек-буын атауларының гиперонимдік-гипонимдік қатынасының көпдеңгейлі екенін байқауға болады (Кесте 1).

Кесте 1 – АХЖ бойынша сүйек-буын атауларының иерархиясы (I деңгей)

Таблица 1 – Иерархия названий костно-суставной системы по МКБ (уровень I)

Table 1 – Hierarchy of Bone and Joint Terminology according to the ICD (Level I)

Гипероним	Гипонимдер
сүйек	осьтік қаңқа
	перифериялық қаңқа
буын	бас және мойын буындары
	кеуде қуысының буындары
	жамбас пен перинэяның буындары
	көптеген учаскелердің байламдары

Берілген жіктемеге сәйкес сүйек атауының бастапқы гипонимдері – *осьтік қаңқа* және *перифериялық қаңқа*.

Сүйек ⇒ *осьтік қаңқа*. Ересек адамның осьтік қаңқасы 80 сүйектен тұрады (Википедия). «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *қаңқа* – з а т. а н а т. <грек. skeleton> 1. Сүйек, құр сүйек, сүлде. 2. Адам мен жануарлар денесіне тірек және оны сыртқы зақымнан қорғайтын қатты тіндерден

құралған сүйек жиынтығы. 3. Бір нәрсенің сыртқы жалпы бітімі, құрылысы (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011). Осы түсіндірмелердің ішінде медицина терминжүйесіне сәйкес келетіні – «адам мен жануарлар денесіне тірек және оны сыртқы зақымнан қорғайтын қатты тіндерден құралған сүйек жиынтығы» деген түсініктеме.

Осы сөздікте «ось» атауының ұясында *жер өсі, осьтік, осьтік күш* деген қолданыстар берілген: «Ось – з а т. 1. т е х. Механизмдердің, машиналардың айналатын бөлшектерін ұстайтын өзек. 2. м а т. Бағыты көрсетілген түзу сызық». Сонымен қатар «осьтік – өсі бар, өсі белгіленген» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

«Медицина» орысша-қазақша терминологиялық сөздігінде «осевой скелет» «біліктік қаңқа» деп аударылған (Русско-казахский терминологический словарь «Медицина»). Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігінде «скелет – қаңқа» баламалары берілген, *осевой скелет / осьтік скелет / біліктік қаңқа* терминдері кездеспейді (Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі, 1982: 335).

Демек, *осьтік қаңқа* – өзек қаңқа, бүкіл ағзаның тірегі дегенге сәйкес келеді.

Халықаралық жіктемеде *қаңқа* атауы *сүйек қаңқасы (кости скелета)*, *қаңқа бұлшықеті (скелетные мышцы)*, *қаңқа флюорозы (флюороз скелета)*, *қаңқа сүйегінің сынуы (перелом скелета)*, *тармақ-қаңқа-жыныс синдромы (бронхио-скелетно-генитальный синдром)*, *бет-жүрек-қаңқалық синдром (фацио-кардио-скелетный синдром)* сияқты терминдік тіркестердің құрамында кездеседі, алайда бұлар *сүйек* тобына енбейді.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінің мәліметіне сүйенсек, *қаңқа, қаңқа сүйек* (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1988: 196; Орфографиялық сөздік, 2013: 357) тіркелген, бірақ «осьтік қаңқа» берілмеген.

Терминком тарапынан медицина, биология және экология салаларына тиесілі термин ретінде орыс тіліндегі *осевой скелет* терминінің қазақ тіліндегі баламасы *біліктік қаңқа* деп бекітілген, алайда *перифериялық қаңқа* термині кездеспейді (Termincom.kz).

Терминком қорында *қаңқа* орыс тіліндегі *скелет* терминінің баламасы ретінде 2023 жылы бекітілген, сонымен қатар басқа салаларға қатысты *қаңқа* атауы *каркас* мағынасында да кездеседі (*ағаш қаңқа – каркас деревянный; ішкі қаңқа – каркас внутренний*). Медицина терминжүйесіне және биология саласына тиесілі *адам қаңқасы (скелет человека)*, *кеуде қаңқасы (грудная клетка)*, *біліктік қаңқа (осевой скелет)*, *жасуша қаңқасы (цитоскелет)*, *қосалқы қаңқа (добавочный скелет)* терминдік тіркестері де бекітілген (Termincom.kz).

Ал орыс тіліндегі *ось* сөзінің баламасына қатысты Терминкомда төмендегілер назар аудартады: 2024 жылы *осьтік қима – осевое сечение* деп бекітілсе, математика саласына қатысты *өстік қима – сечение осевое* деп те кездеседі. Сонымен қатар *өстік қысым (давление осевое, өстік күй – положение осевое (машинажасау); өстік күштеме – осевое усилие (энергетика)* деген терминдерде *өс* деп берілсе, *осьтік кері сәулелендіру – излучение обратное осевое (электроника, радиотехника және байланыс); осьтік симметриялы фигура – осевая симметричная фигура; осьтік қатаңдық – жесткость осевая, осьтік саңылау – зазор осевой* сияқты терминдік тіркестерде орыс тіліндегі *ось* түбірі сақталған (Termincom.kz).

Медицина саласына қатысты *ось – білік* деп аударылған, алайда басқа салаларда *білік – вал, вальцы, стержень* сөздерінің баламасы ретінде берілген: *білік – вал (машинажасау); білік, таяқша – стержень (физика және астрономия); білікше – валик (сәулет және құрылыс), артқы білік – мост задний (ауыл шаруашылық)* (Termincom.kz).

Денсаулық сақтау саласы бойынша заңнамалық құжаттардың мәтіндеріне сүйенсек, *осьтік қаңқа* немесе *перифериялық қаңқа* терминдері кездеспейді, алайда *қаңқа (скелет)* атауы төмендегі тіркестердің бір сыңары ретінде алынған: *қаңқаның тұқым қуалайтын жүйелі аурулары (наследственные системные заболевания скелета)*, *қаңқаның даму аномалиялары (аномалиями развития скелета)*, *қаңқаны тартып созуға арналған аспаптар жиынтығы (набор для скелетного вытяжения)*, *қаңқа дамуының ауытқулары (аномалиями развития скелета)*, *қаңқалық созылуларды салу (наложение скелетного вытяжения)*, *қаңқа сүйектеріндегі зақымдардың немесе өзгерістер (болезненных изменений костей скелета)*, *кеуде қаңқасының аумағы (окружность грудной клетки)*, *бет қаңқа сүйектері (костей лицевого скелета)*, *бас*

қаңқасы сүйегі (мозговой и лицевой череп), қаңқа бұлшықеті (скелетная мышца) (Әділет).

Демек медицина терминжүйесінде сүйекке қатысты гипоним ретінде осьтік қаңқа «Аурулардың халықаралық жіктелмесінде»; біліктік қаңқа Терминкомда кодификацияланған. Алайда терминнің қазақыландырылған атауында бірізділіктің болмауы қазіргі қазақ терминдерін кодификациялаудағы проблемалардың бірін көрсетеді.

Аурулардың халықаралық жіктелмесіне сәйкес осьтік қаңқа өз ішінен:

– бас сүйектері (кости головы);

– омыртқа бағанасы (позвоночник);

– кеуде сүйектері (кости грудной клетки);

– жамбас сүйектері (кости таза) деп тармақталады. Бұл тармақтар осьтік қаңқаға қатысты гиперонимдер қатарын құрайды (Кесте 2).

Кесте 2 – АХЖ бойынша сүйек-буын атауларының иерархиясы (II деңгей)

Таблица 2 – Иерархия названий костно-суставной системы по МКБ (уровень II)

Table 2 – Hierarchy of Bone and Joint Terminology according to the ICD (Level II)

Гипероним	Гипонимдер
осьтік қаңқа	бас сүйектері
	омыртқа бағанасы
	кеуде сүйектері
	жамбас сүйектері

Осьтік қаңқа $\Rightarrow$ бас сүйектері. Бас сүйектері (АХЖ орыс тіліндегі нұсқасында – кости головы) тіркесінің терминдік атау ретінде Терминком базасында кездеспеуі қазіргі қазақ терминологиясын жетілдірудегі маңызды мәселелердің бірін көрсетеді. Әсіресе медицина саласындағы екі немесе одан да көп сөзден тұратын күрделі терминдердің орфографиялық бірізділігі өзекті болып табылады. Осы орайда «бас сүйек», «бассүйек», «бас сүйегі» «бас сүйектері» атауларының арасалмағын ажырату маңызды:

а) біріншіден, «Аурулардың халықаралық жіктелмесіне» сәйкес, медицинада біртұтас басқа қатысты қолданылатын *бассүйек (череп)* терминімен қатар бастың құрамына кіретін сүйектерді білдіретін – *бас сүйектері (кости головы)* тіркесі де терминдік мәнге ие. Алайда «бас сүйектері» (кости головы) терминін Терминком тарапынан бекітуді қарастырған жөн;

ә) екіншіден, *бассүйек (череп)* сөзінің негізгі кодификаторлардағы бірге-бөлек жазылуында бірізділіктің болмауы терминологиялық жүйенің нормативтік тұрақтылығына кері әсер етеді. 1988 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде», 2013 жылы жарық көрген «Орфографиялық сөздікте» «бас сүйек» түрінде бөлек берілген. Назар аударатын жайт, «Қазақ тілінің ұлттық корпусында» «бас сүйек» және «бассүйек», яғни бірге де, бөлек те жазылған мәтіндер бар:

– бөлек жазылған: «Екінші қабатта әлем халықтарының бас сүйектерінің үлгілері тұр... Жұрттың назарын ерекше аударатын 5022-7 бас сүйек. Бас сүйектің қапағын шершеулетте сым темір өткізіп шеңберлеп тастапты... Музейдің қолжазба қорының меңгерушісі И.В.Жуковская сол бас сүйектер қорын жасақтаған ғалым Анна Борисовна Радзюнмен, Илья Осипович Гохманмен хабарласып, түсініктеме алды. Бас сүйекті шершеу шанышылған бұл сым темірлер өткен ғасырдағы антропологтардың бас сүйекті өлшейтін құралдары болып шықты және күні бүгінге дейін бұдан асқан дәл өлшеуіш жоқ көрінеді. Ал бұл бас сүйектің Кенесарыға еш қатысы жоқ. Тек сол бастың желке тұсындағы қаңқадағы «Қазақтың басы» деген жазу көрермендердің санасында түрленіп, Кенесарының бас сүйегі туралы аңызбен жалғасып, бізге шындық ретінде жеткен сияқты. Сөйтіп, елді дүрліктірген бас сүйектегі сым шершеудің ақиқат болмысы жоғарыдағыдай болып шықты» (Тұрсын Жұртбай «Қуанышқа сүйініш»);

– бірге жазылған: Ол үшін *бассүйекті басқаша үйретпей болмайды* (Ә. Кекілбаев, «Елең-алаң»); Ал ауылдағы Құрақ ақсақал ақынның қай жерде жерленгенін білген, кейіннен *бассүйек қайта жерленгенше дамыл таппаған* (А. Қалжанов, «Бас» пен «оянудан» не түйдік?»);

Қарақабак қалашығындағы қабірді зерттеу барысында қолдан өзгертілген бірнеше бассүйек табылды (Г. Дәуітбай, «Алтынқазған мен Қарақабак Маңғыстау археологиясының үлкен жаңалығына жатады»); Бұл 3D басып шығару технологиясы бойынша жеке үлгіленген жасанды омыртқалы протезді орнату, бассүйек нервтерінің микроваскулярлық декомпрессиясы кезіндегі эндоскопиялық ассистенция (Р. Қайдар, «Медициналық қызметтің сапасын арттыру – басым бағыт»); Соның салдарынан бір инспектордың жағы сынып, ал екінші инспектор бассүйек жарақатын алып, біршама уақыт ауруханада ес-түссіз жатқан (С. Әліпбай, «Браконьерлікке бұғау бола ма?»); Ежелгілер Хуа Тоды сынық бассүйекпен салыстырған, біреу оны есікті қағу үшін терген... (Лю Гуань Юй, «Қытай медитациясының құпиялары»); Әрине, үстірт көзқарасқа қазіргі дәуір, адамның өзінің азғасы ішінде, бассүйек қабығында, өзінің азғалары құрылысында... (Мишель Фуко, «Сөздер мен заттар») (Қазақ тілінің ұлттық корпусы).

Терминком базасында «бассүйек» (череп) бірге жазылған. Біріккен сөз бассүйек атауы орыс тіліндегі череп терминінің баламасы ретінде 2023 жылы бекітілген, сондай-ақ медицина саласына тиесілі бассүйектің алдыңғы шұңқыры (передняя черепная ямка), бассүйек сүйектері (кости черепа), бассүйектің ішкі негізі (внутреннее основание черепа), бассүйекті жасау (краниопластика), бассүйектің сыртқы негізі (наружное основание черепа), бассүйекшілік іріңдік (абсцесс внутричерепной), бассүйек ішіндегі қысым (давление внутричерепное), бассүйектану (краниология), бассүйек-ми жарығы (грыжа черепно-мозговая), бассүйек-омыртқалық ақаулар (краниовертебральные аномалии), бассүйек үстіндегі апоневроз (надчерепной апоневроз), бассүйек ішіндегі отогендік асқынулар (внутричерепные отогенные осложнения), бассүйек-буылтықтық (краниобульбарный), бассүйек ішіне қан құйылу (кровоизлияние внутричерепное) терминдік атаулары да қорға енгізілген (Termincom.kz).

Біріккен сөз – бассүйек термині «Аурулардың халықаралық жіктемесінде» де череп мағынасында бекітілген, алайда бас сүйек қуысы (полость черепа) дегенде бөлек жазылса, ішкі бассүйек жарақаты (внутричерепная травма), бассүйек ішілік жарақат (внутричерепная травма), бассүйек-бет дисостоздары (краниофациальный дизостоз), бассүйек нервтерінің зақымдануы (травма обонятельного нерва) деген терминдік қолданыстарда біріккен сөз ретінде бекітілген (АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы).

Денсаулық сақтау бойынша заңнамалық құжат мәтіндерінде: бас сүйегін тесуге арналған аспаптар жиынтығы (набор инструментов для трепанации черепа), бассүйек жарақаттары (черепно-мозговая травма), бассүйек трепанациясына арналған нейрохирургиялық жиынтық (нейрохирургический набор для трепанации черепа), бассүйек пен тірек-қимыл аппаратын рентгенологиялық зерттеу (рентгенологическое исследование костей черепа и опорно-двигательного аппарата) деген қолданыстар кездеседі (Әділет).

Демек, медицина терминжүйесінде бас сүйектері (кости головы) және бассүйек (череп) – екі түрлі терминдік қолданыс. Бұл екі термин жеке-жеке кодификациялауды қажет етеді және бассүйек (череп) атауының нормативтік сөздіктер мен құжаттардағы бірге жазылуы нормаға айналуы тиіс.

Осы тік қаңқа ⇒ омыртқа бағанасы. Қазақ әдеби тілінің сөздігіне сәйкес, омыртқа бағанасы – а н а т. <лат. > Бір-бірімен шеміршек буындар арқылы жалғасып, ортасындағы өзегінде жұлын болатын адам мен омыртқалы жануарлардың қаңқа негізі болып табылатын арқа сүйегінің бөлігі (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінде омыртқа атауы тіркелген. Нақты айтқанда, 1988 жылғы сөздікте омыртқалау, омыртқалы ⇒ омыртқалылар; омыртқасыз ⇒ омыртқасыздар деген атаулар берілсе, 2013 жылғы сөздікте омыртқадай, омыртқалы ⇒ омыртқалы жануарлар, омыртқалылар (зоол.); омыртқасыз ⇒ омыртқасыз жануарлар, омыртқасыздар (зоол.) қолданыстары бар (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1988; Орфографиялық сөздік, 2013).

Қазақ тілінде «зат есімнің жекеше, көпше болып бөлінуінің белгілі бір жалғаудың қызметіне байланысты болмай, сөздің ішкі лексикалық мағынасына байланысты болып келуін көптік мағына тудырудың лексикалық тәсілі дейді... мұндай сөздердің бірқатары жалпылық

мәнде жұмсалып, көптік, жекешелік мағынаға бейтарап болып келеді» (Қазақ грамматикасы, 2000: 445). Осы тұжырымға сәйкес, *омыртқа* қазақ тілінде көптік жалғауды қабылдамайтын сөздер қатарына енеді, яғни түбір қалпында жекеше және көпше мағынада жұмсала береді. Дегенмен зоологияда *омыртқалы*, *омыртқасыз* деген жіктемілік белгілер бойынша көпше түрде *омыртқалылар*, *омыртқасыздар* және осы үлгімен *шаянтекестер*, *сүтқоректілер*, *бауырымен жорғалаушылар* деген терминдік тіркестер де қалыптасқан.

«Аурулардың халықаралық жіктемесіне» сәйкес, *осьтік қаңқаның* екінші гипонимі – *омыртқа бағанасы (позвоночник)*. Құжаттың орыс тіліндегі нұсқасында бір индекске жататын термин ретінде *позвоночный столб* атауы да берілген. Назар аударатын жайт, құжатта жеке термин ретінде *омыртқа бағанасы*, бірақ *омыртқа бағанының метастазы (метастаз позвонка)*, *омыртқа бағанының екіншілік остеонекрозы (вторичный остеонекроз, позвоночный столб)*, *омыртқа бағанының екіншілік периоститі (вторичный периостит, позвоночный столб)*, *омыртқа бағанының анкилозы (анкилоз сустава, позвоночный столб)*; *омыртқа бағанының жалғыз сүйек кистасы (солитарная киста кости, позвоночный столб)* деген терминдік тіркестердің құрамында – *бағаны*. Нақты айтқанда, *омыртқа бағанасы – позвоночник*; *омыртқа бағаны – позвоночный столб*. Бұндай жарыспалы қатарларды терминжүйеде кодификациялау байыптылықты қажет етеді.

Терминком базасында *омыртқа бағанасы* орыс тіліндегі *позвоночный столб* терминінің баламасы ретінде 2024 жылы бекітілген және бұл – калька нұсқа.

Сонымен қатар терминқорда *омыртқа бағанасының алындағы табақша (предпозвоночная пластинка)*, *омыртқа бағанасының қисаюы (искривление позвоночника)*, *омыртқа бағанасының дисторсиясы (дисторсия позвоночника)* деген медицина терминдері бар, алайда тіркестердің құрамындағы *омыртқа бағанасы «позвоночник»* сөзінің баламасы ретінде берілген.

АХЖ-де *омыртқа (позвонок)* жеке терминдік атау ретінде *омыртқа бағанасы* гиперониміне тиесілі гипонимдердің қатарында енеді, нақтырақ айтқанда, *сүйек ⇒ осьтік қаңқа ⇒ омыртқа бағанасы (позвоночник) ⇒ омыртқа (позвонок)* (АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы).

Терминком базасында да медициналық термин ретінде жеке атау ретінде *омыртқа – позвонок* сәйкестігі бекітілген. Демек медицина термині ретінде *омыртқа бағанасы (позвоночник / позвоночный столб)* мен *омыртқа (позвонок)* – екі түрлі терминдік түсінікке ие атаулар (Termincom.kz).

Денсаулық сақтау бойынша заңнамалық құжаттарда *омыртқа* және *омыртқа бағаны (бағана емес)* тіркестері кездеседі. Алайда екеуі де *позвоночник* сөзіне балама ретінде берілген:

– *қол-аяққа, омыртқа бағанына / мойынға арналған көліктік ииналар жиынтығы (комплект транспортных шин для верхних и нижних конечностей, позвоночника, шеи)*;

– *омыртқа бағаны, жамбас жарақаттары мен аурулары кезіндегі операциялар (набор для операций на позвоночнике)*.

– *омыртқаға операция жасауға арналған аспаптар жиынтығы (набор инструментов при операциях на позвоночнике)*.

Тағы бір назар аударатын жайт:

– *омыртқа сынықтарындағы аспаптар жиынтығы (набор инструментов при переломах тел позвонков)* дегенде қолданыста *омыртқа – позвонок* сәйкестіктері байқалса, заңнамалық құжатта:

– *қол-аяқтың жұмсақ тіндерінің, кеуденің, омыртқа бағанының соғылуы (ушибы мягких тканей конечностей, грудной клетки, области спины)* деген тіркесте *омыртқа бағаны* орыс тіліндегі *спина* сөзінің баламасы ретінде ұсынылған (Әділет).

Демек медицина терминжүйесінде *позвоночник / позвоночный столб, позвонок* деген орыс тіліндегі терминдердің баламасы ретінде қазақ тілінің сөздік қорындағы *омыртқа бағанасы / бағаны* және *омыртқа* атауларының қолданысы бар.

Осьтік қаңқа ⇒ кеуде сүйектері (кости грудной клетки). «Аурулардың халықаралық жіктемесіне» сәйкес *осьтік қаңқаның* келесі гипонимі – *кеуде сүйектері*. «Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі»: «Кеуде – «з а т. <лат. thorax> 1. Дененің қарыннан мойынға дейінгі бөлігінің

алдыңғы жағы, көкірек» деген денотат мағынасына берілген түсініктеме *кеуде* сөзінің медициналық терминжүйедегі анықтамасына сәйкес келеді (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 7-том, 2011).

Лексикографиялану тұрғысынан *кеуде сүйектері* тіркес ретінде сөздіктерде кездеспейді, алайда *кеуде* жеке атау ретінде тіркелген: *кеуде* – көкірек омыртқаларының жотасы, қабырғалар шеміршектері, төс сүйегімен шектеліп, көкет арқылы құрсақтан бөлінетін дененің бөлігі (Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі, 2004).

Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінде *кеуде* ⇒ *кеуде қағу* қолданыстарын кездестіреміз (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі, 1988: 167; Орфографиялық сөздік, 2013: 351). Сонымен қатар *кеуде*, *кеуделеу*, *кеуделі*, *кеуделік*, *кеудемсоқ*, *кеудемсоқтану*, *кеудемсоқтық*, *кеудеше* сияқты атаулар тіркелген.

Терминком базасында *кеуде* – *грудь* сәйкестіктері биология, әскери іс, заңтану, дене тәрбиесі және спорт салаларына қатысты тіркелген, ал медицина саласына тиесілі термин ретінде орыс тіліндегі *грудь* атауының баламасына *кеуде*, *көкірек* қатарлары берілген. Сонымен қатар *кеуде торы*, *кеуде қаңқасы*, *кеуде қуысы* терминдері – орыс тіліндегі *грудная клетка* тіркесінің баламалары. Ең басты назар аударатын жайт, аурулардың халықаралық жіктемесінде берілген *кости грудной клетки* тіркесінің Терминком тарапынан бекітілген қазақша баламасы – *кеуде торының сүйектері*.

Медицина саласы бойынша *кеуде* сөзі қатысатын 22 терминдер мен терминдік тіркестер Терминкомда бекітілген, олардың қатарында мыналар бар: *кеуде қуысы* (*полость грудная*), *кеуде қаңқасы* / *кеуде торы* (*грудная клетка*); *жалпақ кеуде қаңқасы* (*грудная клетка уплощенная*); *кеудемен тыныс алу* (*дыхание реберное*); *үлкен кеуде бұлшықеті* (*мышца большая грудная*); *кеуде қолқасы* (*грудная аорта*); *құстөстік кеуде қаңқасы* (*грудная клетка куринная*); *тар кеуде қаңқасы* (*грудная клетка узкая*); *еркек кеудесі* (*грудь мужская*); *кеуде-иықтық кереует* (*кровать торокабрахиальная*); *мойын-кеуде құяңы* (*радикулит шейно-грудной*); *кеуде шемені* (*водянка грудная*); *құныс кеуде қаңқасы* (*грудная клетка кифотическая*); *мешел кеуде торы* (*грудная клетка рахитическая*) (Termincom.kz).

Бекітілген терминдер қатарынан байқалатын мұндай құбылыс аурулардың халықаралық жіктемесінде де бар. *Кеуде сүйектері* ⇐ *осьтік қаңқаға* тиесілі гипоним ретінде бекітілгенімен, жіктемеде кездесетін орыс тіліндегі *грудная клетка* тіркесінің қазақ тіліндегі баламаларының берілуінде бірізділік жоқ екенін байқалады:

- 1) *кеуде* – *грудная клетка*: алдыңғы *кеуде аймағы* (*передний отдел грудной клетки*);
- 2) *кеуде қуысы* – *грудная клетка*: *кеуде қуысының лейомиомасы* (*лейомиома грудной клетки*);
- 3) *кеуде қабырғасы* – *грудная клетка*: алдыңғы *кеуде қабырғасы* (*передний отдел грудной клетки*) (АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы).

Денсаулық сақтау саласындағы заңнамалық құжаттар мәтіндерінде *кеуде сүйектері* / *кеуде торының сүйектері* терминдік қолданыстары кездеспейді. Дегенмен *кеуде*, *кеуде қуысы*, *кеуде клеткасы* сияқты қолданыстар орыс тіліндегі *грудная клетка* тіркесінің баламалары ретінде жұмсалған: *қол-аяқтың жұмсақ тіндерінің, кеуденің, омыртқа бағанының соғылуы* – *ушибы мягких тканей конечностей, грудной клетки*; *өмірлік көрсетілімдері бойынша* – *кеуде және іш қуысы ағзаларының зақымдануы кезінде хирургиялық араласу* – *по жизненным показаниям – хирургическое вмешательство при повреждениях органов грудной и брюшной полостей*; *кеуде қуысының деформациясы кезіндегі операциялар* – *операции при деформациях грудной клетки*; *бірнеше кеуде немесе бел омыртқаларының сынуы немесе сынып-шығуы* – *перелом или перелом-вывих одного или нескольких грудных или поясничных позвонков*; *кеуде, бел және сегізкөз сегменттерінің жабық зақымдануы* – *закрытые повреждения грудных, поясничных и крестцовых сегментов спинного мозга*; *кеуде клеткасының жарақаты* – *ранения грудной клетки*; *кеуденің ішкі органдарының немесе ішперде қуысының жарақаты* – *ранение внутреннего органа грудной или брюшной полостей*; *бассүйек, кеуде және құрсақ қуыстары зерттеледі* – *исследуются полость черепа, грудная и брюшная полости*; *мойын мүшесін кеуде қуысының мүшелерімен* – *органы шеи с органами грудной клетки* (Әділет).

Кодификация тұрғысынан медициналық термин ретінде «грудная клетка» тіркесінің баламасын қазақыландыруда бірізділік жоқ. Осыған байланысты терминдер мен терминдік тіркестердің кодификациялануында баламалардың мағыналық ерекшелігіне мән берген жөн: *кеуде – грудь; кеуде торы – грудная клетка; кеуде қуысы – грудная полость; кеуде торының сүйектері – кости грудной клетки.*

Осьтік қаңқа ⇒ жамбас сүйектері (кости таза). «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: Жамбас – «з а т. 1. а н а т. <лат. pelvis> Жан-жануарлардың бөксе жағындағы жерде ортан жілікпен жалғасқан сан сүйегінің бір бөлігі»; жамбас сүйегі – «а н а т. <лат. os coxae> Жануарлардың артқы жамбас белдеуінің қаңқасы» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

Қазақ тілінің орфографиялық сөздіктерінде *жамбас ⇒ жамбас бүрге, жамбас пұл, жамбас сүйек (1988) және жамбас ⇒ жамбас сүйек (2013)* қолданыстары тіркелген.

Медицина терминжүйесінде *жамбас* және *жамбас сүйегі* атаулары терминдік мәнге ие. *Жамбас* жеке терминдік атау ретінде *жамбас сүйектері* гиперониміне енеді. «Аурулардың халықаралық жіктемесінің» қазақ тіліндегі нұсқасында *жамбас сүйектеріне* енетін гипонимдердің қатарында *жамбас* атауымен қатар *сакрум (крестец)* және *кокси (копчик)* атаулары бар.

Сөздік материалдарында *жамбас сүйек* тіркесінің жекеше түрде берілуі нақты бір сүйектің түріне қатысты атаумен байланысты. Ал «Аурулардың халықаралық жіктемесінде» *жамбас сүйектері* гипероним ретінде *жамбас, сакрум, кокси* сияқты гипонимдерді тұтас қамтып, көпше түрде берілген.

Медициналық термин ретінде *жамбас сүйектері* Терминком базасында орыс тіліндегі *кости таза / тазовые кости* тіркесінің баламасы ретінде 2024 жылы бекітілген. Сондай-ақ *жамбас – таз; жамбас сүйек – кость тазовая; кіші жамбас – малый таз; үлкен жамбас – большой таз* сәйкестіктері де Терминком базасында медицина және биология салаларына қатысты тіркелген (Termincom.kz).

«Аурулардың халықаралық жіктемесінде» *жамбас* орыс тіліндегі *таз, бедро, лобковая кость, малый таз, тазобедренный сустав* сияқты атаулардың баламасы ретінде қатар қолданылғанын мынадай терминдерден байқауға болады: *жамбас сүйек – тазовая кость; жамбас жарақаты – травма таза; жамбас сүйегі – лобковая кость; жоғарғы жамбас рамусы – верхняя ветвь лобковой кости; төменгі жамбас рамусы – нижняя ветвь лобковой кости; жамбас аймағы – область бедра; жамбас терісі – кожа бедра; жамбастың шығуы – ушиб в области тазобедренного сустава; ссадина в области бедра – жамбастың көгеруі; жамбастың шығуы – ушиб бедра; ашық жамбас жарасы – открытая рана области тазобедренного сустава или бедра; жамбас сүйегінің сынуы – перелом бедренной кости; жамбас буындарының немесе байламдарының дислокациясы немесе созылуы немесе созылуы – вывих, растяжение или перенапряжение капсульно-связочного аппарата тазобедренного сустава; жамбас абсцессі – абсцесс брюшины малого таза; жамбастың созылуы – растяжение или перенапряжение связок капсульно-связочного аппарата тазобедренного сустава; жамбас қуысы – полость таза; жамбас қабырғасы – стенки полости таза (АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы).*

Терминкомда: *бедро – сан; тазобедренный сустав – жамбасжілік буыны, лобковая кость – қасаға сүйек* деп бекітілген.

Денсаулық сақтау саласы бойынша ресми құжаттарда кездесетін: *жамбас сүйектерінің сынықтарындағы аспаптар жиынтығы – набор инструментов при переломах костей таза; жамбас сүйегін шор сүйек остеосинтездеуге арналған әр түрлі түрдегі және көлемдегі пластиндер жиынтығы – набор пластин разного типа и размера для накостного остеосинтеза костей таза; жамбас сүйегін сүйек арқылы остеосинтездеуге арналған әртүрлі түрдегі және көлемдегі (стерженді) аппараттар жиынтығы – набор аппаратов (стерженевых) разного типа и размера для чрескостного остеосинтеза костей таза* деген мысалдарда *жамбас сүйегі – кости таза* сәйкестіктері қолданылған (Әділет).

Алайда заңнамалық құжат мәтіндерінде *жамбас* сөзінің жеке және тіркес құрамындағы қолданысында бірізділіктің жоқ екенін көрсететін мысалдар да жеткілікті: *жамбас органдары функцияларының бұзылуы – нарушение функции тазовых органов; жамбас-сан буыны –*

тазобедренный сустав; жамбас – ягодица; кіші жамбас мүшелері – органы малого таза; жамбас мүшелері – органы таза; полость таза – жамбас қуысы, жамбас өлшеуші – тазомер; жамбас аралық қуыстық күй – состояние межягодичной щели; жамбас ағзалары – тазовые органы; жамбастың ортаңғы немесе төменгі бөліктеріндегі тұқылы – культя бедра на уровне средней или нижней трети; аяқтың экзартикуляция салдарынан жамбас-ортан жілік буынынан болмауы немесе жамбастың жоғарғы тұсындағы тұқылы – отсутствие нижней конечности в результате экзартикуляции в тазобедренном суставе или культя бедра на уровне верхней трети; жамбас-ортан жілік және тізе буындарында қозғалыстың кенеттен шектелуі – резкое ограничение движений в тазобедренном и коленном суставах (Әділет).

Жоғарыда атап өткеніміздей, жамбас сүйек лемма ретінде сөздіктерде жекеше түрде тіркелсе, Халықаралық жіктемеде жамбас сүйектері көпше түрде клиникалық нысаналардың жиынтығын білдіреді. 2024 жылы Терминком тарапынан жамбас сүйектері – кости таза / тазовые кости сәйкестігінің бекітілуі – кодификациялау тұрғысынан дұрыс нұсқа. Алайда заңнамалық құжат мәтіндерінде жамбас сөзінің жеке және тіркестер құрамындағы қолданысында бірізділіктің болмауы терминдерді кодификациялауда негізгі кодификаторлар арасында келісімнің жоқтығын көрсетеді. Сонымен қатар «Аурулардың халықаралық жіктемесі» деп аталатын ресми-нормативтік құжаттың қазақ тіліндегі нұсқасын жасауда терминдерді қазақыландыру ұстанымының басшылыққа алынғандығын байқау қиын емес. Алайда қазақ терминологиясының біріздендірілуі мен стандартталуы мәселесін еске отырып, негізгі кодификаторлар арасындағы өзара ортақ шешімнің болуы – тек медицина ғана емес, барлық салалық терминжүйелердегі кодификациялау үдерісінің табыстылығын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің мақсатына сәйкес, қазіргі қазақ терминологиясындағы қазақыландыру үдерістерінің нәтижелерін, олардың кодификациялануы мен лексикографиялануын қадағалау және бағалау, тұтастай алғанда, ұлт тілінің өміршеңдігінің маңызды өлшемдерін анықтаудың ғылыми негізі. Медицина терминжүйесіндегі қазақыландыру үдерістерінің бағалауға мүмкіндік беретін сүйек-буын атауларының кодификациялану деңгейін талдауды олардың гипероним-гипонимдік иерархиясы бойынша одан әрі жалғастыра беруге болады. Зерттеу нәтижесі бойынша талдауға негіз болған медицина терминжүйесіне енетін сүйек атауларының кодификаторлардағы көрінісін төмендегідей жинақтап ұсынылды (Кесте 3):

Кесте 3 – Медицина терминжүйесіндегі қазақыландыру үдерістері: сүйек атауларының кодификациясы

Таблица 3 – Процессы казахизации в медицинской терминологии: кодификация названий костей
Table 3 – Kazakhization Processes in Medical Terminology: Codification of Bone Names

Сүйек атауы	Орфографиялық сөздіктер	Аурулардың халықаралық жіктемесі	Терминком	Заңнамалық құжаттар
осьтік қаңқа	қаңқа, қаңқа сүйек	осьтік қаңқа	біліктік қаңқа	қаңқа
бас сүйектері	бас сүйек	бас сүйектері (кости головы) бассүйек (череп)	бассүйек (череп)	бас сүйек (череп) бассүйек (череп) бассүйек (кости черепа)
омыртқа бағанасы	омыртқа	омыртқа бағанасы (позвочник) омыртқа бағаны (позвоночный столб) омыртқа (позвонок)	омыртқа бағанасы (позвоночный столб) омыртқа бағанасы (позвочник)	омыртқа бағаны (позвочник) омыртқа бағаны (спина)

Кесте 3 жалғасы / Продолжение Таблицы 3 / Continuation of Table 3

кеуде сүйектері	кеуде	кеуде (грудная клетка) кеуде қуысы (грудная клетка) кеуде қабырғасы (грудная клетка)	кеуде (грудь) кеуде торы (грудная клетка) кеуде қаңқасы (грудная клетка) кеуде қуысы (грудная клетка)	кеуде (грудная клетка) кеуде қуысы (грудной полость) кеуде қуысы (грудная клетка) кеуде клеткасы (грудная клетка)
жамбас сүйектері	жамбас жамбас сүйек	жамбас (таз) жамбас (бедро) жамбас (лобковая кость) жамбас (тазобедренный сустав)	жамбас сүйектері (кости таза / тазовые кости) сан (бедро) жамбасжілік буыны (тазобедренный сустав) қасаға сүйек (лобковая кость)	жамбас сүйектері (кости таза) жамбас – ягодица жамбас (таз) жамбас (бедро) жамбас-ортан жілік буыны (тазобедренный сустав)

Қорытынды

Медицина терминжүйесіндегі сүйек-буын атауларының ұлттық тілде дәл аударылып, халықаралық жүйемен үйлестірілуі медицина терминологиясын дамытуда маңызды. Өйткені медицина терминжүйесін ұлттық тілде дамыту – денсаулық сақтау саласындағы ауызша және жазбаша коммуникацияның сапасын арттыратын лингвистикалық іс-шаралардың жиынтығы. Қазақ тілінің ұлттық жүйесінде қалыптасқан сүйек-буын атауларының қазіргі медицинадағы қолданысы олардың терминдік әлеуетінің жан-жақты мүмкіндікке ие екендігін көрсетеді. Қазақ тіліндегі дәстүрлі атаулар мен халықаралық номенклатураның сәйкестендірілуі медициналық білім беруде, клиникалық тәжірибеде және ғылыми зерттеулерде түсініспеушіліктің алдын алып, бірыңғай қолданысты қалыптастырады.

Қазақ тіліндегі дәстүрлі атаулар мен халықаралық номенклатураның сәйкестендірілуі медициналық білім беруде, клиникалық тәжірибеде және ғылыми зерттеулерде түсініспеушіліктің алдын алып, бірыңғай қолданысты қалыптастырады. Бұл үдеріс медицина саласындағы ұлттық ғылыми тілдің дамуына, сондай-ақ медициналық қауымдастықтың жаһандық ақпараттық кеңістікпен ықпалдасуына мүмкіндік береді.

Сүйек-буынға қатысты қазақ тілінде қалыптасқан терминдер мен халықтың атаулардың ғылыми айналымға енгізілуі – ұлттық тілдің әлеуетін кеңейтумен қатар, дәстүрлі дүниетанымдағы дене мүшелерін атау жүйесінің сақталуына жағдай жасайды. Терминдерді стандарттау мен кодификациялау барысында олардың семантикалық дәлдігі мен жүйелілігі және қолданыс аясының ауқымдылығы ерекше назарда болуы тиіс. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер тек лексикалық сәйкестендірумен шектелмей, когнитивтік, этнолингвистика және прагмалингвистикалық тұрғыдан қарастырылуы қажет.

Медицина терминологиясын қазақыландыру халықаралық тәжірибемен үйлесімділікте әрі ұлттық ғылыми мектептің дербестігін қатар қамтамасыз етуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, сүйек-буын атауларына қатысты қазақ тіліндегі медициналық терминдерді жетілдіру – медицина ғылымының тілдік негізін жаңғыртудың, ұлттық кодты сақтаудың және әлемдік ғылыми қауымдастықпен өзара ықпалдасудың тиімді жолы.

Әдебиеттер

АХЖ-11 өлім мен сырқаттанушылық статистикасы [Электронды ресурс]. – URL: <https://icd.who.int/browse/2025-01/mms/kk> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)
Ахметов М. Медициналық терминдер мәселесі [Электронды ресурс]. – URL:

<https://www.termincom.kz/articles/?id=75>. (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

Бисенғали А.З., Исалиева А.А. Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор қалыптастыру: ортақ терминжасам тәсілдері мен тетіктері. *Tiltanym*, 2025. No3 (99). 122-136-бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-122-136>

Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

Жалғас Х. Қазақ тілінде медицина терминдерінің сөздігі шығуы мүмкін [Электронды ресурс]. – URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/kazak-tilinde-medicina-terminderinin-sozdigi-shyguy-mumkin> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 608 б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15 томдар. / Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011.

Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі: 49 000 сөз. Қазақ ССР Ғылым акад. Тіл білімі институты. – Алматы: Қазақстан, 1988. – 400 б.

Қазақ тілінің ұлттық корпусы [Электронный ресурс]. – URL: <https://qazcorpus.kz> (Дата использования: 23.08.2025)

Қазақстан Республикасында травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 27 қазандағы №156 бұйрығы. [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026488> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Қазақстанда жастар арасында жиі кездесетін 6 ауру қандай? [Электронды ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/201638> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Қазақстанда зейнеткерлер арасында жиі кездесетін 6 ауру қандай? [Электронды ресурс]. – URL: <https://baq.kz/qazaqstanda-zeynetkerler-arasynda-zhii-kezdесetin-6-auru-qanday-200017733/> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Қалиұлы Ш. https://anatili.kazgazeta.kz/news/57963?utm_source=chatgpt.com «Шипагерлік баянның» берері мол [Электронды ресурс]. – URL: https://anatili.kazgazeta.kz/news/57963?utm_source=chatgpt.com (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. // Жинақта: «Терминологиялық хабаршы. No1 (56). – Астана, 2019. – Б. 90-94.

Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. / М.Исамбаев, Ш.Сарсенова. – Алматы: Казахстан, 1982. – 406 б.

Орфографиялық сөздік. / Алтыншы басылым. Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 720 б.

Орысша-қазақша ветеринарлық сөздік. / Джанабеков К., Джанабекова Г.К. – Алматы, «Сөздік-Словарь», 2013. – 288 б.

Отарғалиева Ш. Медицина терминдері қалай аударылып жүр? [Электронды ресурс]. – URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16624> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Русско-казахский терминологический словарь «Медицина» [Электронный ресурс]. – URL: <https://1513.slovaronline.com> (Дата использования: 23.08.2025)

Скелет // Википедия. [Электронный ресурс]. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Скелет> (Дата использования: 23.08.2025)

Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы №368 Бұйрығы. [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006305_ (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

Травматологиялық және ортопедиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы қағида. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 6 маусымдағы №352 Бұйрығы. [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007024> (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

Физиология терминдерінің түсіндірме сөздігі. / Несіпбаев Т. 2-басылым. – Алматы: «Агроуниверситет» баспасы, 2004. – 226 б.

Хасанғалиева Б. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация (8D02304 – Филология). – Ақтөбе, 2025. – 147 б.

Цитология, гистология, эмбриология терминдерінің түсіндірме сөздігі. / Сапаров Қ.Ә., Базарбаева Ж.М., Абдуллаева Б.А. Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2012. – 454 б.

Akbarkhadjaeva, F. The nature of medical terminology. // Theoretical & Applied Science. 2020. No. 86. P. 432-434. <https://doi.org/10.15863/tas.2020.06.86.80>.

Chmielewski, P. Anatomical and medical terminology: new challenges and perspectives. // Medical Journal of Cell Biology. 2022. V. 10. P. 102-107. <https://doi.org/10.2478/acb-2022-0016>.

Derev`janchenko, N., Lytovska, O., Djurba, D., Leshchyna, I. Impact of medical terminology on patients' comprehension of healthcare. // Georgian Medical News. 2018. No. 284. P. 159-163.

Dorland's illustrated medical dictionary. 33th ed. Philadelphia: Elsevier Saunders, 2020. 2144 p.

<https://doi.org/10.1001/jama.1988.03410190179046>

Federative Committee on Anatomical Terminology [Electronic Resource]. – URL: <https://ifaa.net/committees/anatomical-terminology-fipat/fipat-about/> (Date of use: 21.08.2025)

Sadigova, N., Aliyeva, S. Methods of terms formation in nuclear medicine. // Open Research Europe. 2025. V. 5. <https://doi.org/10.12688/openreseurope.18941.1>.

Stedman's medical dictionary for the health professions and nursing. 5th ed. Philadelphia: Lippincott Williams & Wilkins, 2005. 1942 p. https://doi.org/10.7326/0003-4819-66-6-1305_1

Termincom.kz [Электронды ресурс]. – URL: www.termincom.kz (Пайдаланылған күні: 23.08.2025)

References

Akbarkhadjaeva, F. (2020) The nature of medical terminology. Theoretical & Applied Science. No.86. P. 432–434. <https://doi.org/10.15863/tas.2020.06.86.80> (in English)

Akhmetov, M. (2025) Medicinalyq terminder maselesi [Jelektrondy resurs]. URL: <https://www.termincom.kz/articles/?id=75> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Akhmetov, M. (2025) The issue of medical terms [Electronic resource]. URL: <https://www.termincom.kz/articles/?id=75> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)

AHZh-11 olim men syrqtanushylyq statistikasy. (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <https://icd.who.int/browse/2025-01/mms/kk> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [ICD-11 mortality and morbidity statistics (2025) [Electronic resource]. URL: <https://icd.who.int/browse/2025-01/mms/kk> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)

Aliszhanov, S. (2004) Termin zhane terminologija. Kitapta: Terminologija maseleleri. Astana. B. 18–25. [Aliszhanov, S. (2004) Term and terminology. In Issues of Terminology. Astana. P. 18–25.] (in Kazakh)

Baitursynov, A. (1992) Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri). Almaty: Ana tili. 448 b. [Baitursynov, A. (1992) Language studies (works on the Kazakh language and education). Almaty: Ana tili. 448 p.] (in Kazakh)

Bissengali, A.Z., Issaliyeva, A.A. (2025) Turki tilderine ortaq terminologijalyq qor qalyptastyru: ortaq terminzhasam tasilderi men tetikteri. *Tiltanyim*. No.3. B. 122–136. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-122-136> [Bissengali, A.Z., Issaliyeva, A.A. (2025) Formation of a Common Terminological Resource of Turkic Languages: Unified Methods and Mechanisms of Term Formation. *Tiltanyim*. No.3. P. 122–136. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-122-136>.] (in Kazakh)

Chmielewski, P. (2022) Anatomical and medical terminology: new challenges and perspectives. *Medical Journal of Cell Biology*. Vol. 10. P. 102–107. <https://doi.org/10.2478/acb-2022-0016> (in English)

Derev`janchenko, N., Lytovska, O., Djurba, D., Leshchyna, I. (2018) Impact of medical terminology on patients' comprehension of healthcare. *Georgian Medical News*. No.284. P. 159–163. (in English)

Dorland's illustrated medical dictionary (2020) 33th ed. Philadelphia: Elsevier Saunders, 2144 p. <https://doi.org/10.1001/jama.1988.03410190179046> (in English)

Dosmukhammeduly, H. (1998) Tangdamaly. Almaty: Ana tili, 1998. 384 b. [Dosmukhammeduly, Kh. Selected Works. Almaty: Ana tili, 1998. 384 p.] (in Kazakh)

Dzhanabekov, K., Dzhanabekova, G.K. (2013) Oryssha-qazaqsha veterinarlyq sozdik. Almaty: Sozdik-Slovar'. 288 b. [Dzhanabekov, K., Dzhanabekova, G.K. (2013) Russian-Kazakh Veterinary Dictionary. Almaty: Sozdik-Slovar'. 288 p.] (in Kazakh)

Federative Committee on Anatomical Terminology. [Electronic resource]. URL: <https://ifaa.net/committees/anatomical-terminology-fipat/fipat-about/> (Date of use: 21.08.2025). (in English)

Hasangaliyeva, B. (2025) Qazaq zhane agylshyn tilderindegi medicina (oftal'mologija) terminderin kognitivtik-freimdik zertteu bagyty: PhD diss. (8D02304 – Filologija). Aqtobe. 147 b. [Khasangaliyeva, B. (2025) Cognitive frame-based study of medical (ophthalmology) terms in Kazakh and English: Diss. PhD (8D02304 – Philology). Aktobe. 147 p.] (in Kazakh)

Isambayev, M., Sarsenova, Sh. (1982) Meditsina terminderining oryssh-qazaqsha sozdigi. Almaty: Qazaqstan, 406 b. [Issambayev, M., Sarsenova, Sh. (1982) Russian-Kazakh Dictionary of Medical Terms. Almaty: Kazakhstan, 406 p.] (in Kazakh)

Nesipbaev, T. (2004) Fiziologija terminderining tusindirme sozdigi. 2-basylym. Almaty: Agrouniversitet baspasy, 226 b. [Nesipbaev, T. (2004) Explanatory Dictionary of Physiology Terms. 2nd ed. Almaty: Agrouniversitet Publishing House, 226 p.] (in Kazakh)

Orfografijalyq sozdik (2013) Altynshy basylym. Qurast.: N.Uali, Q.Kuderinova, A.Fazylzhanova, Zh.Isaeva, N.Amirzhanova, A.Amirbekova. Almaty: Daur, 720 b. [Orthographic Dictionary (2013) Sixth ed. Comp.: N. Uali, Q.Kuderinova, A.Fazylzhanova, Zh.Issayeva, N.Amirzhanova, A.Amirbekova. Almaty: Daur, 720 p.] (in Kazakh)

Oryssha-qazaqsha terminologijalyq sozdik. Medicina (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <https://1513.slovaronline.com> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Russian-Kazakh Terminological Dictionary. Medicine (2025) [Electronic resource]. URL: <https://1513.slovaronline.com> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)

Otagaliyeva, Sh. (2025) Medicina terminderi qalai audarylyp zhur? [Jelektrondy resurs]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16624> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Otargaliyeva, Sh. (2025) How are medical terms being translated? [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/16624> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)

Qaliuly, Sh. (2025) Shipagerlik bajannyng bereri mol. [Jelektrondy resurs]. URL:

- <https://anatili.kazgazeta.kz/news/57963> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Kaliuly, Sh. The rich legacy of the Healer's Bayan [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/57963> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Qazaq adebi tilining sozdigi (2011) On bes tomдық (1–15 tomдар). Qurast.: A.Fazylzhanova, N.Ongarbaeva, Q.Gabithanuly, zhane basqalar. Almaty. [Dictionary of the Kazakh Literary Language (2011) In fifteen volumes (Vols. 1–15). Comp.: A.Fazylzhanova, N.Ongarbayeva, K.Gabithanuly, et al. (2011) Almaty.] (in Kazakh)
- Qazaq grammatikasy: fonetika, sozhasam, morfologiya, sintaksis. (2002) Astana, 784 b. [Kazakh Grammar: Phonetics, Word Formation, Morphology, Syntax. (2002) Astana, 784 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining orfografijalyq sozdigi (1988) 49 000 soz. Qazaq SSR Gylım akademijasy, Til bilimi instituty. Almaty: Qazaqstan, 400 b. [Orthographic Dictionary of the Kazakh Language (1988) 49 000 words. Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Institute of Linguistics. Almaty: Kazakhstan, 400 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining ulttyq korpusy (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <https://qazcorpus.kz> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [National Corpus of the Kazakh Language (2025) [Electronic resource]. URL: <https://qazcorpus.kz> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Qazaqstan Respublikasynda travmatologijalyq zhane ortopedijalyq komek korsetudi uiymdastyru standarty (2025) Qazaqstan Respublikasy Densaulyq saqtau ministrining 2023 zhyldagy 27 qazandagy №156 buirygy [Jelektrondy resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026488> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Standard for organizing traumatological and orthopedic care in the Republic of Kazakhstan. Order No.156 of the Minister of Health of the Republic of Kazakhstan dated October 27, 2023 [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026488> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Qazaqstanda zeinetkerler arasynda zhii kezdesetin 6 auru qandai? (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <https://baq.kz/qazaqstanda-zeinetkerler-arasynda-zhii-kezdesetin-6-auru-qanday-200017733/> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [What are the 6 most common diseases among pensioners in Kazakhstan? [Electronic resource]. URL: <https://baq.kz/qazaqstanda-zeinetkerler-arasynda-zhii-kezdesetin-6-auru-qanday-200017733/> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Qazaqstanda zhastar arasynda zhii kezdesetin 6 auru qandai? (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <https://abai.kz/post/201638> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [What are the 6 most common diseases among young people in Kazakhstan? [Electronic resource]. URL: <https://abai.kz/post/201638> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Qurmanbaiuly, Sh. (2019) Qazirgi qazaq terminologijasynyng ozekti maseleleri. Terminologijalyq habarshy. №1(56). Astana. B. 90–94. [Qurmanbaiuly, Sh. (2019) Current issues of modern Kazakh terminology. Terminological Bulletin. No.1(56). Astana. P. 90–94.] (in Kazakh)
- Sadigova, N., Aliyeva, S. (2025) Methods of terms formation in nuclear medicine. Open Research Europe. Vol. 5. <https://doi.org/10.12688/openreseurope.18941.1> (in English)
- Saparov, Q.A., Bazarbaeva, Zh.M., Abdullaeva, B.A. (2012) Citologiya, gistologiya, jembriologiya terminderining tusindirme sozdigi: oqu quraly. Almaty: Jekonomika. 454 b. [Saparov, K.A., Bazarbayeva, Zh.M., Abdullayeva, B.A. (2012) Explanatory dictionary of cytology, histology, and embryology terms: A textbook. Almaty: Ekonomika. 454 p.] (in Kazakh)
- Skelet. Vikipediia (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Скелет> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Skeleton. Wikipedia (2025) [Electronic resource]. URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Скелет> (Accessed: August 23, 2025).] (in Russian)
- Sot-medicinalyq saraptamany uiymdastyru zhane zhurgizu tartibi turaly nusqaulyq (2025) Qazaqstan Respublikasy Densaulyq saqtau ministrining 2010 zhyldagy 20 mamyrday №368 buirygy [Jelektrondy resurs]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006305_ (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Guideline on the organization and conduct of forensic medical examination (2025) Order No.368 of the Minister of Health of the Republic of Kazakhstan dated May 20, 2010 [Electronic resource]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V100006305_ (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Stedman's medical dictionary for the health professions and nursing (2005) 5th ed. Philadelphia: Lippincott Williams & Wilkins. 1942 p. https://doi.org/10.7326/0003-4819-66-6-1305_1 (in English)
- Syzdyq, R. (2001) Tildik norma zhane onyng qalyptanuy (kodifikacijasy). Astana: Elorda. 230 b. [Syzdyq, R. (2001) Linguistic norms and their formation (codification). Astana: Elorda. 230 p.] (in Kazakh)
- Termincom.kz (2025) [Jelektrondy resurs]. URL: <http://www.termincom.kz> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Termincom.kz (2025) [Electronic resource]. URL: <http://www.termincom.kz> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Travmatologijalyq zhane ortopedijalyq komek korsetetin medicinalyq uiymdardynq qyzmeti turaly kagida (2025) Qazaqstan Respublikasy Densaulyq saqtau ministrining 2011 zhyldagy 6 mausymdagy №352 buirygy [Jelektrondy resurs]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007024> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Guideline on the activity of medical organizations providing traumatological and orthopedic care (2025) Order No.352 of the Minister of Health of the Republic of Kazakhstan dated June 6, 2011 [Electronic resource]. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007024> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Zhalgas, H. (2025) Qazaq tilinde medicina terminderining sozdigi shyguy mumkin [Jelektrondy resurs]. URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/kazak-tilinde-medicina-terminderinin-sozdigi-shyguy-mumkin> (Pajdalanylgan kuni: 23.08.2025). [Zhalgas, Kh. (2025) A dictionary of medical terms in the Kazakh language may be published [Electronic resource]. URL: <https://inbusiness.kz/kz/news/kazak-tilinde-medicina-terminderinin-sozdigi-shyguy-mumkin> (Accessed: August 23, 2025).] (in Kazakh)
- Zhubanov, Q. (2010) Qazaq tili zhonindegi zertteuler. Almaty: Atamura. 608 b. [Zhubanov, K. (2010) Studies on the Kazakh language. Almaty: Atamura, 608 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.04.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 10.12.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 12.12.2025.

© Алдашева К.С., Есполова Ж.Е., Досанова А.М., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

